

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК  
«Радиоэлектроника және байланыс» бөлімінің жиналысының  
№4 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар саны: 20

Өткізілген күні: «11» «11» 2024ж.

Өткізілген орны: 315

**Күн тәртібінде:**

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;
3. «Біздің жетістіктеріміз» (студенттермен жүргізілген тәрбие жұмыстары туралы, студенттердің жетістіктері туралы);
4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның баптары
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде оқытушылардың жоспарға сәйкес студенттермен жұмыс атқарулары туралы;
6. Әр түрлі сұрақтар

**Тыңдалды:**

Бөлім меңгерушісі Ж.Матиев сөз алып жиналысқа қатысушы оқытушылармен сәлемдесіп, күн тәртібімен таныстырып, жиналысты ашты. 2024-2025 оқу жылының I – семестрінің барысы бойынша түсіндірме жұмыстары атап айтқанда студенттердің сабаққа түгел әрі толық қатысуы, киім үлгісі, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелеріне тоқталып өтті.

«Радиоэлектроника және байланыс» бөлімі бойынша комплаенс-қызметтің жұмыс тобының мүшесі А.Буркутбаева сөз алып, «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеуде ата – аналардың рөлі қандай?!», сонымен қатар «Оқытушылар, студенттер сыбайлас жемқорлық қағидаларын қаншалықты сақтап жүр?» тақырыптарын талқылау жүргізді. Заңсыз ақшалай қаражат жинамаудың алдын алу туралы айтылды.

«Біздің жетістіктеріміз» (студенттермен жүргізілген тәрбие жұмыстары туралы, студенттердің жетістіктері туралы күнделікті жүргізіліп жатқан қоғамдық, мәдени іс-шараларға студенттердің белсенді қатысуы, бөлім арасынан лидер студенттердің қатарының көбеюіне атсалысу маңызды екені айтылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан тыс уақытында, демалыс және мереке күндерінде ата – аналар оқушыларды бақылаудан жібермеу, қадағалау туралы. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында (ҚР Әкімшілік Кодексінің баптары) түсіндіру.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру барысындағы тәрбие, пән мазмұны, кураторлық сағаттарының уақытылы өтуі және оған арнайы дайындық керек екені, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша берліген тапсырмаларды нақты әрі толық орындалуының маңызы туралы айтылды.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі Ж.Матиев жиналыс соңында әр - түрлі мәселелерге тоқталып, оқытушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

**Қаулы:**

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз қалатын студенттерді түзету жұмыстары нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталсын.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс-қызмет жұмыс тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсалысу қамтамасыз етілсін. Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі.
3. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқарылсын.

Бөлім меңгерушісі:

Ж.Матиев

Жиналыс хатшысы:

А.Буркутбаева

